

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2025 жылғы 22 – 26 желтоқсан



2025 жылғы 22 – 26 желтоқсан

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Мерекелік апта

02



2025 жылдың негізгі
төрт тақырыбы

03



Бұл 2026 жыл үшін
нені білдіреді?

Мерекеге байланысты қысқартылған апта өсіммен аяқталды: **S&P 500** және **Dow Jones** тарихи ең жоғары деңгейлерін жаңартты. Бұл ретте нарықтық белсенділік пен жаңалықтар ағыны қалыпты болды, бұл желтоқсан айының соңына тән құбылыс. Макродеңгейде негізгі оқиға ретінде **АҚШ-тың 3-тоқсандағы ЖІӨ-нің** алғашқы бағасының жариялануы атанды: жылдық мәнде **+4,3%**, бұл шамамен **3,2%** деңгейіндегі күтуден жоғары болып, экономикалық циклдің тұрақтылығына деген сенімді күшейтті.

Сонымен қатар нарық құбылмалылық күтулері тұрғысынан «тыныш» көрінді: күтілетін құбылмалылық индексі **VIX** шамамен **13,6** деңгейінде жабылды, бұл *1соңғы 2 айдан астам уақыттағы ең төменгі көрсеткіш* (салыстыру үшін: қараша айының соңында шамамен **26,4**, ал сауда саясатына қатысты белгісіздік аясында сәуір айында **50**-ден жоғары болған).

Тауар нарықтарында қымбат металдар ерекшеленді: **күмістің унциясы \$77-ден** асты, ал **алтын** мен **платина** ең жоғары деңгейлерін жаңартты; жыл басынан бері шамамен алғанда күміс **+170%**, **алтын + 70%** өсті.

Негізгі индекстер

Атауы	1-апта	1-ай	YTD
KASE	0,79%	3,27%	26,25%
S&P 500	0,75%	1,18%	17,82%
Nasdaq	0,70%	0,97%	22,18%
Басқа индекстер			
Nasdaq 100	0,72%	0,82%	22,05%
Dow Jones	0,72%	2,08%	14,49%
Борыштық нарық			
U.S. 10Y	-1,53%	2,19%	-10,17%
U.S. 30Y	-0,99%	2,65%	0,21%
Валюталық индекс			
US Dollar Index	-0,26%	-1,42%	-9,64%
Тауарлар			
Gold	0,57%	5,64%	70,19%
Brent Oil	-0,36%	-2,91%	-17,79%
Криптовалюта			
BTC/USD	-0,66%	-2,64%	-6,14%

Баға 29.12.2025ж. жағдай бойынша өзекті.


1) Саясаттағы белгісіздік және «нарықтың беріктігін сынау»

2025 жылы салыстырмалы түрде тыныш кезеңнен кейін құбылмалылық қайта оралды: сауда саясатының өзгерістері мен ұзаққа созылған белгісіздік аясында инвесторлар нарықтағы күрт қозғалыстармен жиі бетпе-бет келді. Жылдың кейбір кезеңдерінде тәуекелдерді қайта бағалау айқын болды, алайда шиеленістің бәсеңдеуі және экономика мен пайыздық мөлшерлемелер бойынша неғұрлым түсінікті траекторияның қалыптасуы нәтижесінде нарықтық бағалар тұрақталды.

Таныстырылым үшін маңызды қорытынды: нарық жалпы трендті өзгертпей, жоғары белгісіздік кезеңінен өтті, ал қалпына келу тәуекелдер өлшенетін болып, бағаға біртіндеп енгізілген сайын жүзеге асты.

Практикалық мәні: мұндай жағдайда кірістіліктің бір ғана факторына шоғырланған портфельдерге қарағанда, тәуекелді өңірлер мен активтер класы арасында әртараптандырылған портфельдер анағұрлым тиімді жұмыс істеді.

Негізгі қор индекстерінің салыстырмалы динамикасы (YTD 2025, 0%-ға нормаланған)



— MSCI World (URTH ETF)	— Nasdaq 100 (QQQ ETF)	— US Agg Bonds (AGG ETF)
— Russell 2000 (Index)	— MSCI EAFE (EFA ETF)	— MSCI EM (EEM ETF)
— MSCI World ex-US (ACWX ETF)	— S&P 500 (Index)	

(Yahoo Finance-ден алынған деректер)

2) АҚШ-тың қозғаушы күші: технологиялық сектор және жасанды интеллект үшін инфрақұрылымға инвестиция

2025 жылы АҚШ нарығын екі фактор қолдады: пайданың артуы және технологияға инвестициялардың экономикалық белсенділікке үлесін сақтап қалады деген үміт. Технологиялар сектор динамикасы мен кірістің өсу қарқыны бойынша көшбасшылардың қатарында қалды, ал *жасанды интеллект* (ЖИ) тақырыбы деректерді өңдеу орталықтарының инфрақұрылымы мен жабдықтарды жаңартуды қоса алғанда, компаниялардың күрделі салымдарын анықтауды жалғастырды.

Сонымен қатар жылдың соңында маңызды нюанс байқалды: индекстер өссе де, инвесторлар сұраныстың сапасы мен капитал құнына көбірек көңіл бөледі. **ЖІӨ** өсімі **+4,3%** тұтынушылық сұраныстың күшін растаса да, **89,1 көрсеткішіндегі тұтынушылар сенімі** сияқты көңіл күй индикаторлары үй шаруашылықтарының шығысының тұрақтылығына кепілдік берілмегенін, еңбек нарығы мен кіріске қатысты күтулерге сезімтал екенін еске салады.

3) Халықаралық нарықтардың артықшылығы және географиялық әртараптандырудың маңызы

2025 жылдың басты ерекшеліктерінің бірі – шетелдік нарықтардың алдыңғы қатарға шығуы. Жыл басынан бергі жиынтық кірістілік бойынша **S&P 500** жоғары нәтиже көрсеткенімен, АҚШ-сыз дамыған нарықтар индексі мен дамушы нарықтар индексінен қалып қойды. Бұл 2025 жылы инвесторлар **географиялық әртараптандыру** үшін сыйлықақы алғанын айқын көрсетеді.

Аймақтық ахуал әртүрлі болды. Еуропада көңіл күй 2026 жылы экономиканың қалпына келуіне деген үмітпен қолдау тапқанымен, іскерлік сауалнамалар сақтықты және біркелкі еместікті көрсетті. Жапонияда акция бағасының өсуі ақша-кредит саясатын одан әрі қатаңдату күтулерімен және иенаның нығаюымен қатар жүрді. Қытайда нарықтар мақсатты экономикалық өсімге қол жеткізуді күту аясында өскенімен, макроэкономикалық көрсеткіштер ішкі сұраныстың әлсіздігін және жылжымайтын мүлік секторындағы мәселелердің әсерін аңғартты. **2025 жылы нақты нәтиже бергені – бір «үздік нарыққа» үміт арту емес, аймақтар бойынша әртараптандыру болды.**

4) Бағалы металл және облигация

Бағалы металл жылдағы негізгі тақырыптардың біріне айналды. Алтын, күміс және платина бағаларының тарихи ең жоғары деңгейінің жаңаруы бірнеше фактордың тоғысуымен болды: орталық банктердің ақша-кредит саясатын жұмсартуға қатысты күту, геосаяси тәуекел және доллардың әлсіреуі. Мұны құрылымдық үрдіс ретінде атап өткен маңызды: қорғаныш активтеріне сұраныс тұрақты болды және капитал үшін басқа инвестициялық бағыттармен «бәсекелесті».

Тақырыптың екінші бөлігі – облигацияларды ақша құралдарымен (шоттар, депозиттер, қысқамерзімді қазынашылық қағаздар) салыстыру. Мөлшерлеме төмендеген сайын мұндай құралдардың кірістілігі әдетте азаяды, ал инвестициялық деңгейдегі облигациялар кіріс алудың және портфельді тұрақтандырудың анағұрлым тартымды көзіне айналуы мүмкін. Осы жағдайда портфельде сапалы облигацияларды кіріс пен тұрақтылық көзі ретінде ұстаудың маңызы артты, әсіресе инвестициялық деңгейдегі облигациялар мен қысқамерзімді құралдар арасындағы кірістілік айырмасы кеңейген кезде. 2026 жылға қатысты пайыздық мөлшерлеме нарығы әрі қарай төмендеу ықтималдығын бағамдап отыр: апта соңындағы бағалау бойынша фьючерстер 2026 жылы кемінде 0,25 пайыздық тармаққа екі рет төмендету ықтималдығын шамамен 74% деп көрсетеді.

Бұл 2026 жыл үшін нені білдіреді?

Bloomberg деректеріне сәйкес (консенсус-болжамдардың біріктірілген нұсқасы) **2026 жылдың соңына қарай S&P 500 индексінің орташа мақсатты деңгейі 7 464** тармақты құрайды, қазіргі деңгейі шамамен **6 930** болған кезде, бұл шамамен **+8% өсу әлеуетіне** сәйкес келеді.

2026 жылға арналған акцияға шаққандағы пайда (EPS) болжамы – **305**, ал соңғы 12 айда **269** болды, яғни **шамамен +13% өсу** күтілуде. Осы жағдайға байланысты **2026 жылғы болжамды P/E коэффициенті – 24,5**, қазіргі шамамен **25,7**-ге қарағанда (шамамен 4,7% төмендеу), яғни нарық консенсус сценарийінде негізінен бағалауды кеңейтуге емес, **пайданың өсуіне** сүйенеді.

Шолуды дайындаған: Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі емес. Бұл материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратты ғана негізге алмау керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындаған.

BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға ынталандыру және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша клиентке ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе клиенттің мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ұсынатын ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растама бермейді және қандай да бір жауапкершілік алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.